

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ТУРАЛЫ МЕМОРАНДУМ

Отырар ауданы

«05» наурыз 2025 жыл

Түркістан облысы Білім басқармасының «Дәуренбек Құрманбек атындағы №20 колледжі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны (бұдан әрі— Колледж) Жарғы негізінде әрекет етуші директор Бейсен Талғат Қайбылдаұлы бір тараптан, және «Лесбек ШҚ» директоры Тасбулатов Уксикбай, екінші тараптан және Түркістан облысы Еңбек мобильді орталығының филиалы Отырар аудандық «Мансап орталығы» басшысы Әбиев Ерболат Бегілдаұлы үшінші тараптан, әрі қарай «Тараптар» осы меморандумға әріптестік ынтымақтастыққа терең қызығушылық танытып, мыналарды ескереді:

- кадрларды даярлаудың инновациялық тәсілдерін қолдана отырып, өзара тығыз қарым-қатынас негізінде білім беру мекемелерінің өзара тиімді іскерлік ынтымақтастығын дамытуға ұмтылу;

- халықаралық стандарттар негізінде техникалық білімді мамандармен жоғары технологиялық өндірістерді қамтамасыз ету тетіктерін қалыптастыру;

- тараптардың өзара ақпарат алмасуын ұйымдастыру, іскерлік ақпарат алмасу үшін қолайлы жағдай жасау;

- тараптардың теңдігі қағидаты негізінде біз төмендегі меморандумды жасадық:

Меморандумның мақсаты

Меморандумның мақсаты Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі (бұдан әрі - ТжКБ) бар кадрларды даярлау саласын дамыту, кадрлар даярлаудың негізгі бағыттары бойынша мақсат-міндеттерін айқындау болып табылады.

Тараптардың міндеттері

1. Кәсіпорын міндеттері:

1) Колледж жанынан құрылған қамқоршылық және индустриалды кеңес құрамының мүшелігіне кіру;

2) Колледж студенттерінің Кәсіпорын базасында және серіктес мекемелерде өндірістік тәжірибе өтуін қамтамасыз ету;

3) педагог кадрлар үшін өндірістік тағылымдамаларды ұйымдастырып өткізу;

4) Колледждің материалдық-техникалық базасын жаратқандыруға ықпал ету;

5) Колледжбен бірлесе отырып, дуальды оқыту аясын кеңейтуге ықпал ету;

6) Колледждің педагог кадрларының сапалық құрамын жетілдіру мақсатында Кәсіпорын қызметкерлерін ТжКБ кадрларды даярлау үрдісіне тартуға ықпал ету;

7) нарықта сұранысқа ие кадрларды даярлау мақсатында білім беру бағдарламаларын өзектендіруге қатысу;

8) бос орындар болған жағдайда колледж түлектерін Кәсіпорын базасында және серіктес мекемелерде жұмысқа орналастыруға ықпал ету.

2. Басқарманың міндеттері:

- 1) Кәсіпорын ұсыныстарын ескере отырып, білім беру бағдаламаларын өзектендіруге қатысу;
- 2) Колледж базасында кадрларды даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру жұмыстарын ұйымдастыруға ықпал ету;
- 3) Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің жалпыға міндетті білім беру стандартының орындалуын бақылау;
- 4) Кәсіпорын ұсыныстарына сәйкес қолданыстағы салалық нормативтік-құқықтық құжаттар базасын жетілдіруге қатысу;
- 5) Колледждің материалдық-техникалық базасын заманауи талаптарға сәйкес жетілдіруге ықпал ету;
- 6) Кәсіпорын басшыларын меморандум аясында пайда болған проблемалық мәселелер және басқа да әлеуметтік-экономикалық мәселелер бойынша қабылданған шешімдер, нормативтік құқықтық актілер туралы ресми түрде хабардар ету.
- 7) Тараптармен бірлесе отырып, меморандум аясындағы барлық деңгейдегі мәселелерді қарауға қатысу, соның ішінде келісімде көрсетілмеген, бірақ өзара мүдделі мәселелерді бірлесе қарауға қатысу.
- 8) Кадрларды даярлау, қайта даярлау және меморандум аясында тиісті жұмыстарды іске асыру барысында әлеуметтік әріптестік тәжірибесін тараптардың ресми сайттарында жариялау.

3. Колледж міндеттері:

- 1) Кәсіпорын ұсыныстарына сәйкес экономиканың басым бағыттары үшін ТЖКБ білімі бар кадрларды даярлау, қайта даярлау және біліктілігін арттырудың сапасын арттыру үшін қажетті шараларды қабылдау;
- 2) Дуалды оқыту жүйесінің ендіру аясын кеңейту мақсатында Кәсіпорынның серіктес мекемелерімен келісім-шарттар жасасу;
- 3) Академиялық еркіндік принципіне негізделген оқу бағдарламаларын Кәсіпорын ұсыныстарына сәйкес өзектендіру;
- 4) Оқу үрдісінің кестесіне сәйкес Колледж студенттерінің Кәсіпорын базаларында және серіктес мекемелерде өндірістік тәжірибесін ұйымдастыру;
- 5) Кәсіпорын ұсыныстарына сәйкес оқу үрдісінің кестесіне сәйкесінше өзгерістер енгізу;
- 6) Колледж педагогтарының біліктілігін арттыру және өндірістік тағылымдамадан өтуін ұйымдастыру;
- 7) Кәсіби шеберліктерін шыңдау мақсатында студенттер мен педагогтар арасында кәсіби шеберлік конкурстарын ұйымдастырып өткізу;
- 8) Колледж түлектерін жұмысқа орналастыру жұмыстарына қатысу.

4. Басқа шарттар

- 1) осы Меморандумға қол қойған Тараптардың әрқайсысы өз өкілеттіктері шегінде өз жауапкершілігін мойындайды және туындаған мәселелерді өзара келісім бойынша шешу мақсатында ынтымактасуға міндеттенеді;

2) осы Меморандумның ережелерін түсіндіру немесе қолдану кезінде даулар мен келіспеушіліктер туындаған жағдайда Тараптар оларды кеңес беру және келіссөздер жолымен шешеді;

3) осы меморандум Тараптардың әрқайсысы үшін бірдей заңды күші бар мемлекеттік тілде 3 данада жасалады;

4) Меморандумға барлық өзгерістер мен толықтырулар тараптардың келісімі бойынша кеңес беру және келіссөздер жүргізу жолымен енгізіледі;

5) осы меморандум Тараптар арасында қол қойылған сәттен бастап күшіне енеді.

Тараптардың заңды мекен-жайлары мен қолдары

«Дәуренбек Құрманбек
атындағы №20 колледжі»

МКҚК

БИН 080240015168

ИИК KZ95601A891000796741

БИК HSBKKZKX

Мекен-жайы: 160700,

Қазақстан Республикасы,

Түркістан облысы,

Отырар ауданы,

Шәуілдір ауылы,

Д.Алтынбеков көшесі, №24А

Телефон: 8-(725-44)-21-948

e-mail: 20-kolledj@mail.ru

«Лесбек ШҚ»

БИН 591010301620

Мекен-жайы: Қазақстан


Республикасы, Түркістан

облысы, Отырар ауданы,

Ақтөбе ауылы, М.Әлімбеков

№ 34

Тел: 8 776 347 00 95


Директор: 

Тасбулатов Уксикбай

Отырар ауданы, Шәуілдір
ауылы, Жібек жолы даңғылы
№66 «Түркістан облысы
Еңбек мобильді
орталығының филиалы
Отырар аудандық «Мансап

орталығы»,

БИН 110640008069,

Басшы: 

Әбиев Ерболат Бегілдаұлы

